

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

Сапаңы қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

29.11.2023 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

Сарсенов Б.Т. – PhD, аға оқытушы.

Комиссия мүшелері:

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент;
2. Е.Д. Тлеукеев – аға оқытушы;
3. Ш.Р. Курбанбеков – PhD, доцент;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, доцент;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. Н.Н. Салыбекова – PhD, аға оқытушы;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Ә.Қ. Аханова –докторант;
12. Г.Т.Ибадулла – магистрант;
13. Д.Б.Сатенхан –студент;
14. Ж.А.Тлеубергена – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Шақырылғандар:

1. Ж.Н.Исабеков –Факультет деканы;
2. Г.И.Исаев–Биология кафедрасының меңгерушісі;
3. Р.Н.Нұрділлаева –Экология және химия кафедрасының меңгерушісі;
4. М.Д.Кошанова –Математика кафедрасының меңгерушісі;
5. Б.Ж.Сейтов –Физика кафедрасының меңгерушісі;
6. А.Бостанова– Академиялық департамент бастығы.

Хатшы: Полатұлы Серік – оқытушы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау;
4. Қазан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

1.Талқыланды: БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Б.Сарсенов сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен кафедралар қамтылғандығы баяндалды. Кафедралар оқытушылары шығарған оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарының және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, кітапханаға өткізді. Осы оқулықтармен оқу құралдарының және арнайы қол жетімді сайттағы кітаптар негізінде 2,8-қосымшалары толтырылып кітапханаға өткізілді. Оқулықтар қорын жаңарту мақсатында пәндерді оқытуға арналған оқулықтарды сатып алу кітапханаға ұсыныс берілді. Кафедраларда БББ пәндерін оқулықтар қамтамасыз етуді жетілдіру керек. Себебі факультетке қатысты мамандықтарда орыс, қазақ, ағылшын, түрік тіліндегі әдебиеттер қорын толықтыру қажеттігі бар. Себебі, студенттер мен резиденттер үшін үш тілдегі әдебиеттер қоры жеткіліксіз. Сонымен қатар, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар дайындау мәселесі бар екенін айта кету керек.

Шешім: БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары мен оқу әдістемелік нұсқаулықтарды оқыту тілдеріне сәйкес шығару қолға алынсын.

2. Талқыланды: БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.

Екінші мәселе бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Б.Сарсенов сөз алып, БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру туралы баяндады. Ол өз сөзінде қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық ісәрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадайқажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Қазіргі таңда факультеттің профессор-оқытушылар құрамы инновациялық және интерактивті әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуін айтты. Профессор-оқытушылар сабақ өткізу барысында әр түрлі инновациялық әдістерді қолданады.

Шешім: БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Талқыланды: БББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне мониторинг жасау.

Үшінші мәселе бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Б.Сарсенов сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың

тізбесіндегі 2 қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер сиплабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер www.library.ayu.edu.kz, <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша жаратылыстану факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

Шешім: БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі ОПҚ тарапынан қолға алынсын.

4. Талқыланды: БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.

Төртінші мәселе бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Б.Сарсенов сөз алып, 2023 ж. қараша айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Шешім: 2023 ж. қараша айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:



Б.Сарсенов

С.Полатұлы